БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№23 (9341) | 1954 жылғы 30 январь Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

**Совет адамдары бүкілхалықтық мереке—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне лайықты өндірістік тартулар әзірлеуде.**

**Колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен өнеркәсіп орындарында ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!**

## Сайлау құрметіндегі социалистік жарыс туын жоғары ұстайық

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік бүкіл елімізде барған сайын кең өрістеуде. Сайлау округтері құрылып, Орталық, республикалық және округтік сайлау комиссияларының құрамдары бекітілісімен сайлау участоктері құрылды, участоктік сайлау комиссияларының құрамдарын бекіту аяқталып келеді.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күндерінде еліміздің барлық түпкірлерінде, кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде еңбекшілердің саяси және өндірістік белсенділігі бұрынғыдан да арта түсті. Колхозшылар мен жұмысшылар өздерінің алдында тұрған шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындау жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

Бүкілхалықтық мереке —сайлау күнін өндірістік табыстармен қарсы алу —совет адамдарының дәстүрлі ісі. Демек, бұл күндерде өнеркәсіп орындарында, колхоз, совхоздар мен МТС-терде ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс барған сайын қыза түсуде. Сайлау құрметіндегі социалистік жарыс еңбек озаттарының жаңа тобын тудыруда. Сайлау құрметіндегі еңбек вахтасына тұрған жүздеген жұмысшылар өндірістік тапсырмаларын артығымен орындап, озаттар қатарына қосылуда.

Шағын двигательдер заводының көптеген озат цехтарында еңбек қарқыны арта түсті. Сайлау құрметіндегі жарыста, әсресе, коммунист Реутов жолдас бастық болып істейтін механика цехының коллективі алда келеді. Бұл цехтың коллективі бұрын январь айының өндірістік тапсырмасын 101 процент орындауға міндеттенген болатын. Үстіміздегі жылы 14 мартта ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланғаннан кейін механика цехының коллективі алған міндеттемелерін қайта қарап, январь айының өндірістік тапсырмасын 101 процент емес, 107 процент орындауға серт берді. Коллектив алған міндеттемелерін абройמен орындауда. Сайлау құрметіндегі жарыста бұрынғы озат жұмысшылар қатарына озаттардың жаңа тобы қосылды. Мәселен, токарьлар Мицуков, Алексютин, Мирошниченко жолдастар және басқалары соңғы онкүндікте өндірістік нормаларын 250 проценттен кем орындаған емес.

Қала кәсіпорындарынан сайлау құрме- рының бәрінде бірдей кеңінен өріс алуда деп айта алмаймыз. Өнеркәсіп орындарының партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен шаруашылық басшылары мұндай игі бастаманың өз кәсіпорындарында кең қолдау тауып, оған лайықты жауап берілуін қамтамасыз етулері керек.

Сайлау құрметіндегі социалистік жарыс күндерінде ауыл шаруашылығы қызметкерлеріне зор жауапкершілік жүктеледі. Олар социалистік жарыстың қуатты күшін пайдалану арқылы СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қарарларын ойдағыдай орындай отырып, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін лайықты тартулармен қарсы алуға тиіс. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері бұл күндерде жауапты кезеңді бастан өткізуде.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу —қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттырудың басты шарты болып табылады. Алайда, облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздарында, әсресе, Мамлют және Соколов аудандарының колхоздарында мал қыстату жайы мейлінше қанағаттанғысыз болып отыр. Мал күтімінің нашар ұйымдастырылуы салдарынан бұл аудандардың колхоздарында мал шығынына жол берілген.

Сол сияқты, қазіргі күндегі шаруашылық жұмыстарының маңызды түрлерінің бірі —көктемгі егіске әзірлік жұмысы да облыс колхоз, совхоздары мен МТС-терінде нашар жүргізілуде. Басқаны айтпағанда, 25 январьға дейін облыс МТС-терінде трактор жөндеу жоспары 40 проценттен аз-ақ артық орындалды.

Бұл—өте төзгісіз жағдай. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің өздерінің алдында тұрған міндеттерді —мал қыстатуды, төл алуды үлгілі өткізу және көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірлену міндетін ойдағыдай орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп жатқандығы сөзсіз. Міндет —олардың творчестволық еңбегін бүгін таңда алда тұрған міндеттерді табысты шешуге бастай білуде.

Колхоздардың, совхоздар мен МТС-тердің бастауыш партия ұйымдары әрбір колхоз, совхозда малдың қыстан күйлі және шығынсыз өсірілуі үшін малшылар арасында социалистік жарыс пен үгітбұқаралық жұмысты пәрменді өрістетуге міндетті. Партия ұйымы әрбір малшының малды қыстан күйлі және шығынсыз шы-

## ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізетін участоктік сайлау комиссияларының құрамын бекіту туралы

### Еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советі аткомінің қарары

Петропавл қаласы | №31 | 28 январь, 1954 жыл.

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 51-және 52-статьяларына сәйкес аудандық Совет аткомі **қаулы етті:**

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы жөніндегі участоктік сайлау комиссиялары қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдарының өкілдерінен мынадай құрамда бекітілсін:

#### КРИВООЗЕРКА УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі—Ивановская Вера Фадеевна— Сталин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Лыткина Евдокия Георгиевна — Сталин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Комиссияның секретары —Евдокименко Федор Трофимович— «Затон» разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Самосенкина Варвара Андреевна — Сталин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Вязьмин Филипп Иванович — Сталин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Яковлева Мария Яковлевна — Сталин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Коновалов Дмитрий Ермолаевич —Затон разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

#### ЯКОРЬ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Косенко Василий Андреевич —Петропавл совхозы Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Гришин Константин Иванович — Петропавл совхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары —Никифорова Таисья Ивановна —Якорь жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Мигин Сергей Федорович—Петропавл совхозының кәсіподақ ұйымынан.

Афанасьева Мария Андреевна— Петропавл совхозының кәсіподақ ұйымынан.

Кравченко Нина Ивановна —Петропавл совхозының комсомол ұйымынан.

Лукин Петр Андреевич — Петропавл совхозының Коммунистік партия ұйымының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Телтаев Ебінтай— «Луч Ленина» колхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Сазонов Виктор Перфилович — «Луч Ленина» колхозының мүшелерінен.

#### НОВО-КАМЕНКА УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі—Попов Анатолий Прокопьевич —Димитров атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Чепурнова Александра Ивановна—Димитров атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары — Турбанова Нина Федоровна —Димитров атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Лепехин Борис Трофимович — Димитров атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

Ли Геннадий Николаевич — Димитров атындағы колхоздың мүшелерінен.

Нұрсеитов Зұлқарнай—Димитров атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Гиреев Мұстафа Хамзатович—Димитров атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

#### БЕСКӨЛ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Бацула Александр Ефимович— Фурманов атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Фомич Галина Степановна — Бескөл жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

Комиссияның секретары — Мурашан Сергей Федорович —Бескөл жетіжылдық мектебінің комсомол ұйымынан.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Грудинина Анастасия Иноктьевна — Фурманов атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Төлебаев Әмірхан —Жамбыл атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Шварц Христиан Федорович — Петропавл МТС-нің жұмысшылары мен қыз-

#### ПЛОССК УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі —Погребняк Алексей Федорович—Ворошилов атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Афанасьев Дмитрий Петрович —Ворошилов атындағы колхоздың колхозшыларынан.

Комиссияның секретары — Богунова Нина Кузьминична—Ворошилов атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Крохмалев Прокопий Ефимович —Ворошилов атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Александрова Глафира Варламовна — Ворошилов атындағы колхоздың мүшелерінен.

Рекин Александр Ермолаевич —Асанов МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Рекина Алаксандра Алексеевна —Ворошилов атындағы колхоздын мүшелерінен.

#### АСАНОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Кербер Адам Адамович —Плосск селолық Советі Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары — Овсянкин Пантелей Игнатьевич — «Красный пахарь» колхозының мүшелерінен.

Комиссияның секретары —Ленцик Лидия Федоровна —«Красный пахарь» колхозының комсомол ұйымынан.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Пономарева Лидия Степановна—Асанов жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

Коваленко Александр Максимович — Асанов МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Штефан Валентин Яковлевич —«Красный пахарь» колхозының мүшелерінен.

Бастрикова Прасковья Семеновна — Асанов разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

#### ТОЛМАЧЕВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Жиганов Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары — Панченко Василий Трофимович—Рыбное мүгедектер үйінің жұмысшылары мен қызметшілерінен және мүгедектерінен.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Сычков Григорий Степанович—Рыбное мүгедектер үйі көмекші шаруашылығының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Злобина Любовь Ивановна — Рыбное мүгедектер үйінің жұмысшылары мен қызметшілерінен және мүгедектерінен.

#### БЕЛОЕ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Жильцов Иван Алексеевич — Белое совхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Лизунов Владимир Афанасьевич—Белое совхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары — Куриленко Михаил Тихонович —Белое жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Теміров Сапар—Белое совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Чернышева Клавдия Илларионовна — Белое совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

#### НОВО-ПАВЛОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Шведов Михаил Максимович— «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Пальчинский Григорий Григорьевич — ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары —Мандыригина Галина Арсентьевна — Ново-Павлов жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

#### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Шаталова Василиса Ивановна— ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Ушаков Федор Афанасьевич —«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Ком-

тіндегі жарыс күндерінде озаттар қатарына қосылған мұндай жұмысшыларды жүздеп келтіруге болады.

Олардың мақсаты —өндірістік жоспарды толық және артығымен орындау, еңбек өнімділігін мейлінше арттырып, өнімнің өзіндік құнын кеміте түсу, мемлекет қаржысы мен шикізатты көптеп үнемдеу, халық тұтынатын бұйымдарды көптеп шығару.

Жергілікті партия ұйымдары еңбекшілердің сайлауға әзірлік күндеріндегі саяси белсенділігін бастай біліп, жұмыстың барлық салаларында еңбек өрлеуінің барған сайын арта түсуін қамтамасыз етуге тиіс. Олар жарыстың формальді түрде ұйымдастырылуына жол бермей, барлық жерде бірдей жарысқа ұштасушылардың нақты міндеттеме алып, ол міндеттемелерін орындап шығуына жетісетін болсын. Сол сияқты, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мен шаруашылық басшылары жарыс күндерінде туған жаңалық бастаманы дереу қолдап, оның көпшіліктің игілігіне айналуын қамтамасыз ететін болуы керек.

Өткен жылдың аяғында Ленинградтағы С. М. Киров атындағы «Электросила» заводы коллективінің бастамасы бойынша нақтылы бар өндіріс алаңынан қолда бар өндіріс құрал-жабдықтарымен шығаратын өнімнің көлемін арттыру жолындағы жаңа патриоттық қозғалыс кең өрістей бастады. Біздің облысымыздың озат коллективтері де бұл бастаманы мақұлдап, бұл әдісті өз кәсіпорындарында кеңінен қолдануда.

Алайда, жасыратыны жоқ, мұндай озат әдісті қолдану облыс өнеркәсіп орындарыу жөнінде нақты міндеттеме алып, ол міндеттемені аброймен орындап шығуына жетісуі керек.

Мұнымен бірге, жөндеуші механизаторлар арасында да сайлау құрметіндегі социалистік жарыс кеңінен өрістетілсін. Әрбір механизатор тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын сапалы және тез жөндеп, бүкілхалықтық мереке — сайлау күнін лайықты тартулармен қарсы алуға тиіс.

Бұл күндерде үгіт пункттерінде, кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен мекемелерде бүкіл дүние жүзіндегі ең демократияшыл Конституция —ССРО Конституциясы туралы, советтік сайлау заңы туралы, партиямыз бен үкіметіміздің социалистік Отанымызды барған сайын гүлдендіре беруге және совет халқының әл-ауқат дәрежесін барған сайын жақсарта беруге бағытталған қарарлары жөнінде әңгімелер өткізілуде.

Партия ұйымдары МТС -терде, колхоз, совхоздар мен өнеркәсіп орындарында үгіт- бұқаралық жұмыстарының пәрменді ұйымдастырылуын қамтамасыз етіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарыстың кеңінен өрістетілуіне жетісулері керек.

Совет адамдары бүкілхалықтық мереке —ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне лайықты өндірістік тартулар әзірлеуде.

Колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен өнеркәсіп орындарында ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарыс туын жоғары ұстайық!

*Сайлау құрметіндегі социалистік жарыс*

## Жаппай қолдау тапқан инициатива

Петропавл ауданы, Калинин атындағы колхоздың малшылары мал қыстату маусымын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Мұндағы барлық қоғамдық мал жайлы қораларға орналастырылып, қыс бойына жетерлік азықпен қамтамасыз етілген.

Колхоз өткен жылы мемлекетке сүт тапсыру жоспарын деркезінде орындаған болатын. Бұл сауын сыйырларды құнарлы азықпен қамтамасыз етудің нәтижесі болды. Үстіміздегі жылы да сауын сыйырлардың сүттілігі кеміген жоқ. Сауыншы М. Турина жолдас быйыл әрбір сауын сыйырдан 1800 литрден сүт сауууға міндеттеніп отыр. Оның инициативасын басқа сауыншылар да қостады.

Колхоз малшылары ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуде.

**Г. АБРОСИМОВ.**

## Сыйырлардың сүттілігі артуда

Чистов совхозының мал өсірушілері мал өсіру, оның өнімділігін арттыру жөніндегі Преснов ауданының «Путь к коммунизму» колхозы колхозшыларының бастамасына нақтылы іспен жауап беру үшін мал қыстату маусымын үлгілі өткізуде. Олар қыстың күні сыйырлардың сүттілігін арттыруды ең негізгі міндет етіп қойып отыр. Совхоз сауыншылары 1953 жылдың бірінші тоқсанында әрбір сыйырдан 250 килограмнан ғана сүт алған болатын. Олар үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында әрбір сыйырдан кемінде 600 килограмнан сүт алу үшін күресуде.

Қазіргі күнде совхоздың барлық фермаларында сауын сыйырлар ерекше күтімге қойылған. Сауыншылар сыйырларға азықты нәрлендіріп беру әдісін кеңінен қолданып жүр. Осы арқылы олар үстіміздегі айдың екі онкүндігінде әрбір сыйырдан 100 литрден астам сүт алды.

**З. МОЛДАХМЕТОВ,**

**Совхоздың жұмысшылар комитетінің председателі.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ҰЛТТАР СОВЕТІНІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗЕТІН № 119 САЙЛАУ ОКРУГІНІҢ ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНАН

ССРО Жоғарғы Советінің Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 сайлау округінің Округтік сайлау комиссиясы мына адрес бойынша орналасты:

Петропавл қаласы, Ленин атындағы көше, № 30 үй, оқытушылар үйі, телефон 0-41.

нан.

### ПЕТЕРФЕЛЬД УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі—Пищур Михаил Иванович— Сталин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орындасары Васимова Вера—Сталин атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

Комиссияның секретары —Мик Елизавета Степановна—Петерфельд жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Штоль Ольга Яковлевна—Сталин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Хламов Михаил Петрович — Сталин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Адам Михаил Степанович — Сталин атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

Кодзоев Саад Сулейманович — Сталин атындағы колхоздың мүшелерінен.

### КОНДРАТОВКА УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Беляев Иван Титович —Кондратовка разъезінің Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Қалиев Мұқыш Кондратовка разъезінің комсомол ұйымынан.

Комиссияның секретары—Весна Мария Павловна —Кондратовка разъезі жұмысшылары мен қызметшілерінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Самойленко Александр Иванович—Кондратовка разъезінің Коммунистік партия ұйымынан.

Селезнова Елена Николаевна —Кондратовка разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

### БІРІНШІ МАЙ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Байтұсов Қабжан Ысқақұлы —«Луч Ленина» колхозы Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Құсайынова Шолпан—«Луч Ленина» колхозының мүшелерінен.

Комиссияның секретары — Қасенов Қыран —«Луч Ленина» колхозының Коммунистік партия ұйымынан.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Пиннекер Андрей Иванович — «Луч Ленина» колхозының мүшелерінен.

Мусин Дәуітбай Ыбрайұлы — «Луч Ленина» колхозы Коммунистік партия ұйымынан.

Гаммер Ольга Васильевна — «Луч Ленина» колхозының мүшелерінен.

Калинин Павел Павлович — «Луч Ленина» колхозының мүшелерінен.

### АРХАНГЕЛЬ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Левченко Владимир Галактионович —«Луч Ленина» колхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Сергеев Александр Романович —Архангель орта мектебінің Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары — Чернигина Эльвира Сергеевна —Архангель орта мектебінің оқытушылар коллективінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Филиппова Ольга Михайловна — «Луч Ленина» колхозының мүшелерінен.

Матвеев Филипп Данилович — Архангель балалар үйінің көмекші шаруашылыметшілерінен.

Бархатова Раиса Петровна —Фурманов атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

### АҚБАС УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Люлькин Сергей Андреевич — Ақбас совхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Блекатюк Дмитрий Федотович—Чапаев атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары —Никифорова Вера Петровна —Ақбас жетіжылдық мектебінің кәсіподақ ұйымынан.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Сергеева Александра Георгиевна—Ақбас жетіжылдық мектебінің кәсіподақ ұйымынан.

Чернышева Анна Сергеевна — Ақбас жетіжылдық мектебінің кәсіподақ ұйымынан.

Михалкин Василий Васильевич —Чапаев атындағы колхоздың мүшелерінен.

Забелин Иван Яковлевич —«Зерновое» участогінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

### ҚАРАҒАНДЫ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Шерстов Василий Степанович — Қарағанды темір жолының № 2 разъезінің Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Әубәкіров Ақпан Жұмабайұлы —Қарағанды темір жолы № 2 разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Комиссияның секретары — Круковская Екатерина Ильинична —Қарағанды темір жолы № 1 разъезінің кәсіподақ ұйымынан.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Тоқымжанов Рамазан —Қарағанды темір жолы № 2 разъезінің Коммунистік партия ұйымынан.

Нұржауов Төлеген —Қарағанды темір жолы № 2 разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Васильева Федосья Васильевна —Қарағанды темір жолы № 1 разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Незнахин Павел Иванович —Қарағанды темір жолы № 2 разъезінің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

### ШАХОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Сухачев Иван Николаевич — Шахов совхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Добродомов Михаил Захарович—Шахов совхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары —Матюшкина Мария Егоровна — Шахов совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Шеренкова Мария Ефимовна — Шахов жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

Ниежко Петр Федорович —Шахов совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Бауер Игнат Иванович—Шахов совхозының жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Нечепуренко Анна Ивановна — Шахов жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

Александр Гаврилович —Киров атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Резниченко Анна Игнатьевна — Киров атындағы колхоздың мүшелерінен.

Комиссияның секретары — Мартынова Анастасия Антоновна —Киров атындағы колхоздың мүшелерінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Емельянова Раиса Яковлевна —Киров атындағы колхоздың мүшелерінен.

Әубәкіров Оразалы — Киров атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

Зинченко Василий Данилович —Киров атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Солоченко Тихон Борисович — Киров атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

### ИСАКОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Цветков Алексей Петрович —Буденный атындағы колхоздың мүшелерінен.

Комиссия председателінің орынбасары —Ушаков Филипп Иванович —Буденный атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссияның секретары — Литвинова Клавдия Алексеевна —Буденный атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Миронов Николай Григорьевич—Асанов МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Андреева Антонина Георгиевна —Буденный атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

Атькова Антонина Петровна —Буденный атындағы колхоздың мүшелерінен.

Лемкин Дмитрий Петрович—Буденный атындағы колхоздың мүшелерінен.

### МИХАЙЛОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Малеткин Николай Сергеевич— Плосск селолық Советінің Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары—Циммерман Климентий Иванович—«Красный пахарь» колхозының мүшелерінен.

Комиссияның секретары — Сидорович Станислав Викторович— «Красный пахарь» колхозының мүшелерінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Вик Генрих Кондратович—Асанов МТС-нің жұмысшылары мен қызметшілерінен.

Пазверг Амалия Васильевна — «Красный пахарь» колхозының мүшелерінен.

Степачева Лидия Тимофеевна —«Красный пахарь» колхозының комсомол ұйымынан.

Доблер Магдалина Севостьяновна — «Красный пахарь» колхозының мүшелерінен.

### РЫБНОЕ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Нұртаев Тұяқбай —Рыбное мүгедектер үйінің көмекші шаруашылығының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Фролов Иван Данилович —Рыбное мүгедектер үйі көмекші шаруашылығының мунистік партия ұйымынан.

Мандрыгина Фекла Петровна — «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшелерінен.

Паличная Зинаида Николаевна —Ново-Павлов жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

### ПЕНЬКОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Сидоров Филипп Александрович —Калинин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары Воронин Константин Петрович —Калинин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Комиссияның секретары — Пьянқов Константин Андреевич —Калинин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Тюрина Мария Федотовна — Калинин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Попова Екатерина Илларионовна — Калинин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Рагозин Трофим Васильевич —Калинин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Сотниченко Анастасия Григорьевна — Калинин атындағы колхоздың мүшелерінен.

### БЕРЕЗОВ УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі —Мещанкин Николай Вячеславович —«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары—Редер Адольф Августович —«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшелерінен.

Комиссияның секретары — Кириллова Тамара Никаноровна —«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшелерінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Госаров Ахмет Умухаджиевич—«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшелерінен.

Симон Есофиня Мартыновна — «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшелерінен.

Маник Николай Афанасьевич —«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Коммунистік партия ұйымынан.

Денисова Анна Александровна — Березов жетіжылдық мектебінің оқытушылар коллективінен.

### ОЛЬШАНКА УЧАСТОКТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Комиссияның председателі — Сазонов Николай Каллестратович —Пушкин атындағы колхоздың Коммунистік партия ұйымынан.

Комиссия председателінің орынбасары —Шпиталин Иван Максимович—Пушкин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Комиссияның секретары — Моисеева Александра Афанасьевна —Пушкин атындағы колхоздың мүшелерінен.

### КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ

Хренов Петр Сергеевич—Пушкин атындағы колхоздың мүшелерінен.

Камынин Николай Григорьевич —Пушкин атындағы колхоздың комсомол ұйымынан.

**Еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советі аткомінің председателі Ө. ЫБЫРАЕВ.**

**Еңбекшілер депутаттары Петропавл аудандық Советі аткомінің секретары А. МИХАЙЛОВА.**

# Тың және тыңайтылған жерлерді игеру—астық шығымдылығын арттыра түсудің басты шарты

## Тың жерлерді көп игереміз

Біздің ауданның еңбекшілері астық шаруашылығын барынша өркендете беру жолындағы күресте келелі табыстарға ие болып келеді. Ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемін кеңейту, оның өнімділігін арттыру арқылы аудан колхоздары өткен жылдардағымен салыстырғанда 1953 жылы мемлекетке мыңдаған пұт астықты көп берді. Алдағы көктемгі егіске керекті ауылшаруашылық дақылдарының тұқымын толық құйып алды. Сол сияқты, колхозшылардың еңбеккүндеріне астықтай табысты мол бөлді. Басы артық астықты мемлекеттік сатып алу орнына сатудан колхоз кассасына он мыңдаған сом ақшалай табыс енді.

Соңғы екі-үш жылдың ішінде колхоздарда дәнді дақылдар егісінің көлемі 1950 жылғыдан 13.793 гектар, ал, оның ішінде бидай егісінің көлемі 8.192 гектар ұлғайтылды. Егіс көлемін ұлғайтуды тың және көп жылдар бойы пайдаланылмай жатқан жерлердің есебінен жүргізген колхоздарда астық өнімділігі ерекше арттырылды. Мәселен, аудан колхоздары тек 1953 жылдың өзінде ғана 18.577 гектар тың жерлер мен көптен бос жатқан жерлерді жыртып, оның 738 гектарына жаздық бидай екті. Бұл егістердің әрбір гектарынан орта есеппен 19 центнерден өнім жыйналды. Жекелеген колхоздар, оның ішінде «Еркіндік», «Аралағаш» колхоздары тың жерлерге егілген дәнді дақылдардың гектарынан өнімді бұрын пайдаланылып келген жерлерден әлде қайда көп алды. Атап айтқанда, бұрыннан пайдаланылып жүрген жерлерге егілген дәнді дақылдардың өнімі әрбір гектардан 7—8 центнерден ғана болды. Егер, жаңадан игерілген тың жерлер мен бұрыннан пайдаланылып жүрген жерлерге жұмсалған еңбектің бір шамада дерлік екендігін еске алсақ, мұның өзі тың және көптен бос жатқан жерлерді пайдалану астық өнімділігін арттыра берудің бірден-бір тимді жолы болатынын көрсетеді.

Солай бола тұрса да, аудан колхоздарында тың жерлерді игеру ісі олардағы бар мүмкіншіліктердің дәрежесіне әлі сай келмейді. Аудан колхоздары бойынша пайдаланылмай жатқан 71.300 гектардан астам тың және көптен бос жатқан жерлер бар. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында 5.753 гектар, «Борьба за коммунизм» колхозында 4.456 гектар, Молотов атындағы колхозда 3.599 гектар тың жер пайдаланылмай келеді. Ал, бұл колхоздар тың жерлерді игеруге қолда бар мүмкіншіліктерді пайдаланбай, ауылшаруашылық дақылдарды тек көптен пайдаланылып жүрген жерлерге ғана егумен шұғылданып жүр. Бұл сияқты тың жерлерді пайдалануға мән бермеушілік егін өнімділігін арттыруға өзінің кері әсерін тигізуде.

## Астық шаруашылығын өркендете береміз

* * *

**Қ. ОСПАНОВ,**

**Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советі атқару комитетінің председателі**

* * *

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында таяудағы екі—үш жылдың ішінде халықтың азық-түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен молынан қамтамасыз ету қажет екені атап көрсетілді.

Бүкіл еліміздегідей Пленумның тарихи қаулысымен жігерленген біздің облыстың еңбекшілері ауылшаруашылық өнімдерінің молшығылығын жасау, колхоз өндірісін жан-жақты өркендетуге бағытталған зор шараларды жүзеге асыру жолындағы күреске аттанды.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін облыс колхоздары мен совхоздарында, МТС-терінде қажетті мүмкіншіліктер жеткілікті. Құнарлы жеріміз, отандық жақсы техникамыз, советтік ғылым табыстары мен озат тәжрибелерді колхоз өндірісіне ұштастыра қолдану арқылы табысқа жетуді меңгерген тәжрибелі егінші механизаторларымыз бар.

Ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемін бұрынғыдан да ұлғайтып, оның шығымдылығын арттыра беру — егін шаруашылығы саласындағы басты міндет. Егіннен тұрақты, әрі мол өнім алу жолында күресе отырып, облыс колхоздары мен совхоздары егіс көлемін жылдан жылға ұлғайтып келеді. Соңғы үш жыл ішінде дәнді дақылдардың егіс көлемі облыс бойынша 38,5 процент, ал аса бағалы азық-түлік дақыл—бидай егісінің көлемі 128 мың гектар ұлғайтылды. Сөйтіп облыста барлық ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемі, соғыстан бұрынғы 1940 жылдан 47,1 процент артты.

Мемлекеттің көмегін пайдалана отырып, ғылымның табыстарына, озат тәжрибелерге сүйеніп, көп колхоздар ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруда елеулі табыстарға жетуде. 1953 жылы жерді өңдеу, егістік тұқымды даярлау, егінді күту, озат әдістерді қолдану колхоздардың егіннен әлде қайда мол өнім жыйнауын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде облыс колхоздары мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын, артығымен орындап шықты. Колхоздар өздерін егістік тұқым қорымен толық қамтамасыз етіп, мемлекетке миллион пұттай астық сатты. Жемшөп қоры екі есе артық даярланды. Егіннің шығымдылығы молайып, колхоздардың қоғамдық байлығының артуы негізінде колхозшылардың еңбеккүндеріне берілетін ақшадай және заттай табыс көбейе түсті.

Соңғы жылдары Полудень, Соколов және Мамлют сияқты аудандардың колхоздары егіннен тұрақты мол өнім жыйнап жүр. Соколов ауданының Ленин атындағы колхозында жаздық бидайдың гектарынан 146 пұттан өнім түсті. Булаев ауданындағы «Новый путь» колхозындағы түсе, ал бұл алаңға іргелес ескі жерге орналастырылған бидайдың осы сортының гектарынан 12 центнерден ғана өнім алынды. Мұнымен бірге, тың жерге егілген бидайдың ескі жерге орналастырылған бидай дәнінің нақтылы салмағынан 20 проценттей артық болғанын да айта кетуіміз керек.

Тың жерлер мен көптен бос жатқан жерлерді сапалы жыртып, пар мен зябьті дер кезінде көтерілген жерге егілген дақылдардың шығымдылығы ескі жерлерге себілген егіннен үш есе артық болатындығы мәлім болып отыр. Полудень ауданының Буденный атындағы колхозы (председателі Кондратьев жолдас) өткен жылдың егініне бұрнағы жылы күзде 292 гектар тың жер жыртып, әзірлеп қойған болатын. Колхоз бұл егіндік жердің әр гектарынан 28 центнерден, ал жеке участоктерден 32 центнерге дейін өнім алды.

Осындай мысалдардың барлығы тың жерді игеру — егіннен мол және тұрақты өнім алудың басты шарттарының бірі егін шығымдылығын арттыра беру үшін, әсресе, халықтың тұтынуына аса қажетті дақыл — бидайдың түсімін арттыру үшін облысымыздың колхоздары мен совхоздарында зор мүмкіншіліктер бар екендігін көрсетті.

Колхоз өндірісінің барлық салаларын шұғыл өркендету міндетін орындаудың негізгі талаптарының бірі колхоздарға бекітіліп берілген жердің әрбір гектарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етіп, гектар есебінен алынатын өнімді молайту болып табылады. Еліміздің алдыңғы қатарлы шаруашылықтарының жұмыс тәжрибесінен табыс сыры жерді тиімді және ұқыпты пайдалануда екендігін көріп отырмыз. Үлгілі шаруашылықтар өздерінің ақшадай және заттай кірістерін шаруашылыққа бекітіліп берілген әрбір гектар жер есебімен алып, ал, бір гектар шабындық және жайылымдық жерден алынған көк шөпті сүт майына, мал майына және етке айналдырған түрінде санап, бір гектар егіндіктен алынған өнімді есептеседі.

Дегенмен, облыс колхоздары мен совхоздарының өздеріне бекітіліп берілген жерді әлі де тиімді пайдалана алмай отырғандығын мойындауымыз керек. Көптеген колхоздар мен совхоздардың басшылары жерді тиімді пайдалануға әлі де жете қамқорлық жасамай келеді. Бұған облыста бір миллион гектардай қара топырақ-жерлерге орналастырылатын егіс көлемі облыс бойынша, 23,5 процентке, Октябрь ауданында — 32 процентке, Булаев ауданында —28,7 және Преснов ауданында —28,1 процентке жеткізіледі.

Бұл—әрі маңызды, әрі жауапты міндет. Колхозшы шаруалар мен механизаторлар бұл міндеттің жүзеге асыруға болатын және өмірлік қажетті міндет екенін жете түсінеді. Облыстың партия, совет ұйымдары колхоздармен және МТС-термен бірлесе отырып, тың және бос жатқан жерлерді меңгеру, әсресе, бұл салада үстіміздегі жылы істелетін жұмыстар жөнінде бірқатар агротехникалық және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруда.

Агротехникалық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру—егін шығымдылығын арттырудың басты шарты. Сондықтан тың жерлерді жыртқанда бұл қағидаларды мықтап есте ұстап, ол жерлерді қосымша түренді плугпен терең және сапалы жырту, кезінде және дұрыс өңдеу шаралары белгіленуде. Бізде егістік жерлерді тайыз және сапасыз жыртып, осының салдарынан егіннен төмен өнім алып, тың жерлерді игеруге мөлшерден тыс көп күш-қаражат жұмсап жүрген шаруашылықтар да жоқ емес. Ендігі жерде мұндай кемшіліктерге жол бермеу қажет.

Тың жерден игерілген жылдың өзінде-ақ мол өнім алу үшін, оған алғашқыда қатты бидай егу керек, өйткені қатты бидай көктемде жыртылған жерге егілгеннің өзінде жоғары өнім беретін дақыл. Әрине, оның тұқымы жақсы әзірленіп, көктемнің алғашқы күндері ылғалды жерге себілуі шарт.

Үстіміздегі жылы игерілуге тиісті тың жерге және көптен бос жатқан жерлерге қар тоқтату мен қар суын бөгеудің зор маңызы бар. Быйылдың өзінде облыс бойынша 350 мың гектар тың жер және көптен бос жатқан жерлер игерілмек делік. Бұл соңғы үш жыл бойы игерілген жер көлемінен әлде қайда көп. Зор көлемді жұмыс қосымша техника күшін, әсресе, қуатты тракторларды көп қажет етеді. МТС-теріміздің материалдық -техникалық базасы жыл сайын жабдықталып келеді. Үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанының өзінде ғана тракторларды өткен жылғыдан артық алғалы отырмыз.

Мәселе қолда бар техниканы толық қуатымен өнімді пайдалануда болып отыр. 1953 жылы облыс бойынша 15 аттық күші бар әрбір трактормен 542 гектардан ғана жер жыртылды. Бұл көрсеткіш, әрине, төмен. Егер бұл көрсеткішті мүмкіншілігімізге қарай 10 проценттей арттырсақ, жұмсақ жер есебінен қосымша 200 мың гектардан аса жер өңделеді.

Тың жерлерді игеруге байланысты бірқатар ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыруымыз керек. Ең алдымен арнаулы

## Егін шығымдылығын арттырудың қайнар көзі

Біздің колхоздың колхозшылары өткен жылы егін шығымдылығын арттыруда елеулі табыстарға ие болды. 1952 жылға қарағанда, 1953 жылы астықтың көлемі еселеп артты. Біз өткен жылы 62 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 32 центнерден, 218 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 24 центнерден өнім жыйнадық. Ал, 1400 гектардай дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 14.4 центнерден, оның ішінде жаздық бидайдың гектарынан орта есеппен 15,5 центнерден өнім алдық.

Өткен жылы колхозшылардың еңбеккүндеріне астық көп берілді. Колхоздың жалпы егін шаруашылығынан тапқан табысы екі есеге жуық ұлғайды. Үстіміздегі жылдың егіс көлемі сортты тұқыммен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді. Біз бұл табысқа қалай жетістік?

Колхоз тың және көп жылғы тыңайтылған жерлерді игеру ісінде бірқатар шараларды өткен жылдың өзінде жүзеге асырды. Бұл жылы 62 гектар тың және 218 гектар көп жылғы тыңайтылған жерлер жыртылып, оған қатты жаздық бидайдың тұқымы себілді. Жер жырту, жыртылған жерді баптап, жұмыстау және тұқым себу жұмыстары агротехникалық ережелерге сай жүргізілді. Бұл тәжрибеміз тың және тыңайтылған жерді игеру —мол өнім алудың ең негізгі жолы екенін нақтылы іс жүзінде дәлелдеп шықты. Өткен жылы тың жерге егілген егіннің гектарынан 32 центнер, көп жылғы тыңайтылған жерге егілген егіннің гектарынан 24 центнерден өнім алсақ, бірнеше жыл бойы пайдаланып келген жерлерге егілген егіннің әрбір гектарынан небары 10—11 центнер ғана өнім алдық. Сондықтан да біз егін шығымдылығын арттыру үшін алдағы көктемде тың және тыңайтылған жерлерді өткен жылғыдан анағұрлым көп пайдалануды негізгі міндет етіп қойып отырмыз.

Үстіміздегі жылы колхозда 1520 гектар жаздық бидай егісі егіледі. Мұның 600 гектары тың және көп жылғы тыңайтылған жерлерге егілуі көзделіп отыр. Бұл—егіннің шығымдылығын өткен жылғыдан да едәуір арттыруға толық мүмкіндік туғызады деген сөз. Бұдан басқа көктемде 60 гектар көп жылғы тыңайтылған жер жыртылады. Сол сияқты, жаздың күні 40 гектар жаңа жерден пар жыртылып, кезінде жұмысталады. Колхоз 1955 жылы кемінде 200 гектар тың жер жыртып, оны сол жылғы егіске пайдаланатын болады.

Осылардың барлығы біздің колхозда егін шығымдылығын еселеп арттыруға болатындығын дәлелдейді. Мәселе егіннен мол өнім алу шараларын белгілеп қоюда емес, оны жүзеге асыруда. Бұл үшін МТС колхоздарға нақтылы көмек көрсетуі

### ИНДИЯ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ СОВЕТ ОДАҒЫ МЕН ИНДИЯ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚҰТТЫҚТАУДА

ДЕЛИ, 28 январь. (СОТА). Индияның көптеген қоғам және ғылми топтары совет ғалымдары делегациясының Индияның ғылми конгресінің 41-сессиясының жұмысына қатысуын, сол сияқты, совет ғылымының барлық саласындағы табыстарымен танысуға Индияның ғалымдарына мүмкіншілік берілуін құттықтауда. Мәселен, «Ассам трибюн» газетінің осы мәселеге арнап, «Ғылымдағы ынтымақтастық» деген атпен жазған редакциялық мақаласында «ССРО ғалымдарының Индия ғалымдарының жұмысына жоғары баға бергендігін Индия мақтаныш етеді» делінген. Газет «екі елдің ғалымдарының жігер -қайраты қарапайым адамдардың тыныштық өмір сүруіне бағытталып отырғандығын» атап көрсетеді.

---

### ҚЫТАЙДА ШПИОНДАР ТОБЫНЫҢ ӘШКЕРЕЛЕНУІ

ШАНХАЙ, 28 январь. (СОТА). «Наньфанжибао» газетінің хабарына қарағанда, Гуандун және Хунань провинцияларының, Кантон қаласының қоғам хауіпсіздігінің органдары американ-чанкайшишіл разведканың басшылығымен астыртын әрекет жүргізген екі шпиондық ұйымды әшкерелеген.

Осы іс бойынша 60-тан астам негізгі қатысушылар тұтқынға алынған. Тұтқынға алған уақытта олардан радиомен хабар бергіштер, құпыя кодалар және тұтқындалғандардың шпиондық әрекеттерін дәлелдейтін басқа документтер де табылған. Тергеуде айыпталғандар өздерінің істеген қылмыстарын мойындаған. Гуандун провинциясы мен Кантонның халық соты 18 негізгі қылмыстыларды, соның ішінде Вань Чун-хуні, Лонь Нянь-цайды, Чжан Чжи-чаоны және басқаларын өлім жазасына үкім еткен. 30 қылмысты әртүрлі тұтқын жазасына кесілген. Өкмет орындарына өз еріктерімен берілген қылмыстыларға анағұрлым жеңіл жазалар қолданылған.

Газет қылмысты Ло Дин-аньнің қылмысты жұмысының Хунань провинциясының халық сотында зерттеуде жатқандығын хабарлайды.

---

### ЛОНДОН ЭЛЕКТРШІЛЕРІНІҢ ДЕМОНСТРАЦИЯСЫ

ЛОНДОН, 28 январь. (СОТА). Бүгін Лондонның 7 мыңнан астам электршілері жалақыны арттыру үшін күресте өздерінің бірлігі мен батылдығын тағы бір рет көрсету үшін қаланың көшелеріне шықты. Елдің электршілері жалақыны арттыру үшін бірнеше айдан бері күрес жүргізіп келеді.

Демонстрация митингпен аяқталды.

---

### ТҮРКИЯ МЕН ПАКИСТАН АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС КЕЛІСІМІ ТУРАЛЫ КЕЛІССӨЗДЕР

БЕЙРУТ, 28 январь. (СОТА). Анкарадан алынған хабарға сүйене отырып, Ливан баспасөзінің хабарлағанындай,

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі —астық шаруашылығын бәрынша өркендету, әсресе, неғұрлым бағалы азық-түліктік дақыл —күздік және жаздық бидайлардың шығымдылығын онан әрі арттыру жолымен бидай өндіруді барынша өркендету керек деп көрсетті. Бұл тың және көптен бос жатқан жерлерді игеру ісін кеңінен қолдануды талап етеді.

Бұл талапты мүлтіксіз жүзеге асыруды көздеп, аудан партия ұйымдары бірқатар шараларды белгілеп отыр. Колхоздарда 1954 жылы дәнді дақылдар егісінің көлемі өткен жылғыдан 6.859 гектар арттырылады. Сонымен бірге, үстіміздегі жылы 26.550 гектар тың және көптен бос жатқан жерлер игеріліп, оның 14.500 гектарына дәнді дақылдар егіледі. Молотов атындағы, «Аралағаш» колхоздарында барлық дәнді дақылдардың 40—60 проценті тың және көптен бос жатқан жерлерге орналастырылады, сол сияқты, «Совет», «Новый быт», «Игілік», «Еркіндік», Аманкелді атындағы колхоздарда тың жерді көтеру көлемі едәуір арттырылады.

Бұл—жауапкершілігі күшті, өте ауыр жұмыс. Дегенмен, оны орындауға бізде күш-мүмкіншілік бар. Аудан партия ұйымдары алға қойған міндетті мүлтіксіз орындау жолындағы күресте, алдымен, машина- трактор станцияларының жұмысын жақсартуға ерекше назар аударып отыр. Өйткені, отандық бай техникамен үнемі жабдықталып отырған МТС-тер аудан колхоздарында егіс жұмыстарының негізгі түрлерін толық дерлік механикаландыруға мүмкіндік береді. Бұл арада МТС-терде тракторлардың техникалық жағынан түзік болмауы себепті олардың біразы өнімсіз пайдаланылып келгенін айта кетуіміз жөн. Өткен 1953 жылы трактор жұмыстарының жылдық жоспары Сартомар және Совет МТС-терінде толық орындалмады. Мұның өзі, шынында, бұл МТС-тердегі трактор парктерінің күшін сарқа пайдалануды жеткіліксіз ұйымдастырғанымыздан болған жағдай. Егер біз тракторларды жөндеу жұмысын сапалы өткізіп, жұмыс үстінде оларды техникалық жағынан күтуді жақсартсақ, тракторлардың қуаты колхоз өндірісіндегі барлық шаруашылық жұмыстарын тек техника күшімен жүргізуге әбден жетеді.

Міне, сондықтан да аудан партия ұйымдарының алдында тұрған ең маңызды міндет—МТС-тердің жұмысын жақсарту, оларды маман механизатор кадрларымен толықтырып, нығайту болып табылады.

Кәзіргі күнде аудан партия, совет органдары ауыл шаруашылығы еңбекшілерін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын сапалы жөндеуге, қысқы агротехникалық шаралар— егіс алаңдарына қар тоқтату, тұқым тазарту, жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмыстарына және мал қыстатуды үлгілі өткізуге жұмылдыруда.

**Ш. БӘШІРОВ,**

**ҚКП Совет аудандық комитетінің секретары.**

Подолей жолдастың егіс бригадасы көлемді жердегі жаздық бидайдың әр гектарынан 22 центнерден өнім алды. Конюхов ауданындағы «Новый путь» колхозындағы Кудашкин жолдастың егіс бригадасында дәнді дақылдардың әр гектарынан түскен өнім 180 пұттан айналды. Әрине, мол өнімнің өздігінен келмейтіндігі белгілі. Ол қажырлы еңбектің және өндіріске агрономиялық мәдениетті енгізудің, отандық қуатты техниканы пайдаланудың жемісі.

Егіннен жыл сайын мол, әрі тұрақты өнім алып жүрген озат шаруашылықтардың тәжрибелері егіннің шығымдылығын арттыра беруге мүмкіншілік туғызатын маңызды шараның бірі—тың жерлер мен көптен бос жатқан жерлерді игеру болып табылатындығын көрсетті. Мұндай маңызды мәселеге көңіл бөле отырып, облыс колхоздары мен совхоздары 1953 жылы тың жерлер мен бос жатқан жерлерді жыртуды қолға алды. Өткен жылы колхоздарымыздың мыңдаған гектар пар мен зябьті тың жерлерден көтеруі осы айтып отырғанымызға толық дәлел бола алады. Өткен жылы дәнді дақылдарды жаңа жерлерге орналастырудың ара салмағы Булаев ауданында 16 процент, Совет ауданында—15,4 процент, Полудень, Соколов аудандарында —12 —12,5 проценттен болды.

Тың жерге егілген дақылдың шығымдылығы артатыны тәжрибеде дәлелденуде. Мысалы, Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» колхозында тың жерге себілген «Смена» сортты 126 гектар бидайдың әр гектарынан 15 центнерден өнім

ты құнарлы жердің әлі күнге дейін пайдаланылмай бос жатқандығы толық дәлел бола алады.

Бірқатар колхоздарда ауыспалы егіске белгіленген көптен бос жатқан жерлер игерілмей отыр. Октябрь ауданындағы «Гигант» колхозының көлемді жерлерінің едәуір бөлегі егіндікке пайдаланылмай отырса да, бұл колхоз № 3 және № 7 ауыспалы егіс танаптарына соңғы үш жыл бойы үнемі бидай егіп жүр. Сол сияқты, осы ауданның Чапаев атындағы колхозында жыртуға жарамды 9500 гектар жер бар, бірақ, колхоз үш жыл бойы алмастырмастан бір ғана бидай екті.

Мемлекеттік қорлардағы және колхоздар мен совхоздардың қарамағындағы осындай жердің тиімді пайдаланылмауы, әрине, төзгісіз жағдай. Міндет: әрбір гектар жерді оның физикалық-химиялық құрамына қарай тиімді пайдалану, мұнымен бірге жердің құнарлылығын кемітпей, қайта жақсарта беру болып табылады. Көлемді жұмыстарды жүзеге асыру үшін колхоздар мен МТС-тердің бастауыш партия ұйымдарының жұмысын барынша жақсартуымыз керек.

Облыстың партия, совет ұйымдары, колхоздары мен совхоздары мүмкіншіліктерін есептеп, өздерінің алдына таяудағы жылдар ішінде бір миллион гектардай тың және көптен бос жатқан жерді игеру, оның ішінде 350 мың гектар жерді 1954 жылдың өзінде игеру міндетін қойып отыр. Үстіміздегі жылы игерілген 90 мың гектар жерге дәнді дақылдар орналастырылады. Сонымен, үстіміздегі жылдың өзінде барлық дәнді дақылдардың тың

трактор бригадаларын ұйымдастырып, олардың құрамын тұрақтандыру керек. Сол сияқты, егіс жұмысынан бастап, егін жыйнау және дайындау орындарына астық тапсыруға дейінгі жұмыстарды комплексті механикаландыруымыз қажет.

Ауыл шаруашылығы министрлігі, жергілікті совет, ауылшаруашылық органдары мен МТС-тер жерге орналастыру жұмыстарын дереу ұйымдастыруға тиіс. Әңгіме өз жерлерінен басқа тың жерлерді игеруге тиіс колхоздарға жер бөліп беру, оларға іргелес колхоздардың жерлерін бекіту жөнінде болып отыр. Бұл жөнінде алғашқы күндерден бастап тиісті тәртіп орнатылмаса, келесі жылдары ауыспалы егіс жүйесін енгізгенде жер жыртқанда шаруашылықтар арасында түрлі қыйыншылықтар туууы мүмкін.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы еліміздің өмірінде саяси зор маңызы бар. Облыс еңбекшілері сайлау күнін өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы жарысты өрістетуде. Кәзір егіншілер мен механизаторлар егіннің шығымдылығын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру, егіске әзірлік жұмыстарын қызу жүргізуде.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, облыс еңбекшілері барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын мейлінше арттыратындығы, қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетіп, колхоздардың өндіріс салаларынан түсетін табысты молайта беретіндігі сөзсіз. Оған колхозшылардың саяси-өндірістік өрлеуі кепіл.

**(«Социалистік Қазақстан», 24 январь).**

керек. МТС-тердің колхоздарға көмегі жақсармайынша, егін шығымдылығын еселеп арттыруға болмайды.

МТС-тердің көпшілігі дала жұмыстарын атқаруда колхоздармен жасасқан жұмыс шартын орындамайды. Кейде ол шартты жұмыс мерзімі өтіп кеткеннен кейін орындайды. Мұның ақыры жерді жырту, жұмыстау жұмыстарында агротехникалық ережелердің мұқыят сақталмауына, егін шығымдылығының төмен болуына әкеліп соғады.

Біздің ауданның колхоздарында егістікке пайдаланылмай жатқан бірнеше мың гектар жер бар. Егер МТС-тер бұл жерлерді игеруде колхоздарға нақтылы көмек көрсетсе, онда аудан колхоздарында егіннің шығымдылығын мықтап арттыруға болады.

Біз тың және тыңайтылған жерлерді егістікке көп пайдалану арқылы егін шығымдылығын барған сайын арттыра береміз.

**А. ВОЛОШЕНКО,**

**Полудень ауданы, «Прогресс» колхозының председателі.**

## Тың жер—мол астықтың кепілі

1953 жылы облыс совхоздары 18.500 гектардан аса тың және тыңайтылған жерлерді меңгерді. Олардың барлығына да аса бағалы дақыл—жаздық бидай егілді. Егер көп жылдар бойы пайдаланылып келген жұмсақ жерлердің әрбір гектарынан орта есеппен 10—12 центнер өнім алынса, тың жерлерге егілген дақылдардың гектарынан 14—15 центнерден өнім жыйналды. Ал, Торанғұл, Қыялы совхоздары тың жерлерге егілген бидай егісінің гектарынан 18 центнерден өнім алды.

Мұның өзі тың және тыңайтылған жерлерді астық егуге пайдалану егіннен мол өнім алудың маңызды шарттарының бірі болатынын көрсетеді.

Совхоздарда пайдаланылмай жатқан тың және тыңайтылған жерлердің қоры әлі де көп. Осыны ескере отырып, совхоздардың коллективі 1954 жылы тың және тыңайтылған жерлерді бұрынғыдан да көп игеруді ұйғарып отыр. Быйыл барлық совхоздарда 26 мың гектардан астам тың және тыңайтылған жерлер көтеріліп, оған дәнді дақылдар егіледі. Бұл жұмысқа қуатты тракторлар пайдаланылады.

Сол сияқты, үстіміздегі жылы 1955 жылдың егістері үшін 90 мың гектар тың және тыңайтылған жерлер әзірленеді. Тың және тыңайтылған жерлерді игеру жұмысының басым көпшілігі Октябрь, Степной, Приешім, Торанғұл және Возвышен совхоздарында жүргізіледі.

Кәзір совхоздарда тракторларды жөндеу, маман тракторшы кадрларды даярлау жұмыстары қызу жүргізілуде.

**В. КАФАРЕНА,**

**Петропавл совхоздар тресінің бас агрономы.**

Түркия мен Пакистан арасында «саяси пакт» деп аталатынды жасасу үшін жүргізіліп жатқан келіссөздердің ойдағыдай өтіп жатқандығы туралы Вашингтоннан алынған хабарды түріктің беделді топтары растап отыр. Дипломатиялық бақылаушылар договордың тексті әзірленген, оған жақындағы екі аптаның ішінде қол қойылу күтіліп отыр деп есептейді. Бұл пактіге делінген хабарда, басқа сыбайластардың да қосылуы ықтыймал.

---

**ФРАНЦИЯДА ПРОГРЕСШІЛ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІ ТҰТҚЫНДАУ**

ПАРИЖ, 28 январь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, полицейлік өкмет орындары францияның республикашыл жастар одағы Ұлттық бюросының мүшесі Желлуды тұтқынға алған. Жауап алынғаннан кейін Желлу «Фрэн» абақтысына қамалған.

---

**БОМБЕЙДЕГІ ТОҚЫМАШЫЛАРДЫҢ ЕРЕУІЛІ**

ЛОНДОН, 27 январь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі бүгін Бомбейдің 60 мың тоқымашысы 25 январьда Бомбейдегі Камал фабрикасының жұмысшыларын полицияның атқылауына қарсы наразылық білдіру ретінде ереуіл бастағандығын хабарлайды. Атқылаудың нәтижесінде бір жұмысшы оққа ұшқан.

27 январьда Бомбейдің 66 тоқыма фабрикасынан 33 тоқыма фабрикасы жабылып, 4 фабрика жартылай ғана жұмыс істеген.

---

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

---

# МТС коллективінің аса маңызды міндеті

Біздің МТС-тің қамтуындағы колхоздардың колхозшылары және МТС механизаторлары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын мінсіз жүзеге асыру күресінде қажырлы еңбек ете отырып, өткен жылы егіншіліктің мәдениетін арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Колхоздарда егіс көлемі ұлғайтылып, әрбір гектардан алынған өнім 1952 жылғы мөлшермен салыстырғанда едәуір артты.

Дегенмен, біздің МТС қамтыйтын колхоздарда егін шығымдылығын арттыру үшін қолда бар күш-мүмкіншіліктер әлі де болса толық пайдаланылмай келеді. Кейбір колхоздарда егіс егу, оны баптап күту және жыйнау жұмыстары агротехникалық ережелерге сай жүргізілмейді. Әсресе, тың және көп жылдар бойы бос жатқан жерлерді егіске пайдаланудың барысы нашар. Бұл істе МТС колхоздарға тиісті көмек көрсете алмай келеді. Ал, колхоздарда тың және көптен бері пайдаланылмай, бос жатқан жерлер көп.

Өткен жылы МТС бойынша небары 1269 гектар ғана тың және көптен бос жатқан жерлер егіс егуге пайдаланылды. Бұл жылғы тәжрибе егіс егуге тың және тыңайтқан жерлерді пайдалану егін шығымдылығын арттырудың негізгі жолы екенін іс жүзінде дәлелдеді. Бұған бір мысал келтірейік. Өткен жылы Ворошилов атындағы колхоз 400 гектар тың және тыңайтылған жерге егіс екті. Колхоз бұл участоктегі егіннің әрбір гектарынан 20—25 центнерден өнім алды. Ал, бұрыннан пайдаланылып келе жатқан егістік алаңның гектарынан алынған өнім небары 8—12 центнерден ғана болды.

Кәзір МТС коллективі алдында өте жауапты міндеттер тұр. Ол міндеттердің негізгі салаларының бірі —колхоздардың егін шаруашылығын барған сайын өркендету, егіс көлемін ұлғайтумен бірге, оның товарлы өнімін мейлінше арттыру болып саналады.

Біз бұл міндетті орындау үшін колхоздарға көп көмек көрсетуді ұйғарып отырмыз. Демек, үстіміздегі жылы МТС қамтуындағы колхоздар тың және тыңайтылған жерлерді егіс егуге пайдаланатын болады. МТС көктемнің өзінде 400 гектар тың және 824 гектар көптен бос жатқан жерлерді жыртып, колхоздарда егіннің өнімін еселеп арттыруды қамтамасыз етпекші. Сонымен қатар, МТС осы жылы кемінде 1300 гектар тың жер есебінен пар мен зябь жыртуды жоспарлап отыр.

Бұл міндетті мінсіз орындау техника күшінің дала жұмыстарына өнімді пайдаланылуын талап етеді. Сондықтан МТС-тің механизаторлары кәзіргі уақытта трактор паркін дала жұмыстарына әзірлеудің қарқынын барған сайын күшейтуде. Быйыл МТС-ке жаңадан бірнеше трактор және тіркеу саймандары беріледі. Мұның өзі колхоздарда дала жұмыстарын көрсетілген мерзімде, агротехникалық ережелерге сай өткізуге қолайлы жағдай жасайды.

МТС коллективі техника күшін тиімді пайдалану арқылы колхоздарда егіншіліктің мәдениетін барған сайын арттыра береді.

**М. ЧАИКО,**

**Асанов МТС-нің директоры.**

## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«НЕАПОЛЬ —МИЛЛИОНЕРЛЕР ҚАЛАСЫ»**

Сеанстар сағат 4,30-6,30-10,30-да басталады.

---

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«СОРРЕНТОҒА ҚАЙТА ОРАЛ»**

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,10-да басталады.

---

Солтүстік Қазақстан кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында Москва драма театры қойған жаңа, көркемсуретті

**«КРЕЧИНСКИЙДІҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ»**

фильм -спектаклін, мультипликациялық киножыйнақ

**«АЙҒА ҰШУ»**

атты жаңа, түсті балалар фильмін және Италияның орыс тіліне аударылған

**«НЕОПОЛЬ —МИЛЛИОНЕРЛЕР ҚАЛАСЫ»**

атты көркемсуретті жаңа фильмін көрсете бастайды.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00484. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.